

Мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген, 2009 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 мамырдағы N 666 Қаулысы

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген, 2009 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

7

м а м ы р д а ғ ы

N

6 6 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген, 2009 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесі

1. "Айт-Отель" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы.
2. "Отель Астана" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы.
3. "Окан-Қазинтер" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы.
4. "Байланыс-Құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы.